

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 ж. 08 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ.МАМИНГЕ

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Сізге Қазақстан Республикасында инвестициялық саясатты іске асыру мәселесі бойынша сауал жолдап отырмын.

Елдің табысты дамуы үшін отандық экономиканың түйінді салаларына инвесторлар тарту маңызды. Пандемиядан және оның салдарынан туындаған әлемдік экономикалық құлдырау аясында мемлекеттер арасында инвестициялар тарту үшін бәсекелестік артады, шешуші рөлді елдің инвестициялық климаты атқарады.

2017 жылы инвестициялық ахуалды жақсарту үшін 2018-2022 жылдарға арналған Ұлттық инвестициялық стратегия (*бұдан әрі – Стратегия*) әзірленді. Жалпы алғанда мемлекет инвестициялық ахуалды жетілдіру жөнінде бірқатар кешенді шаралар қабылдауда. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ақпаратына сәйкес, 2020 жылы еліміздің экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 30 пайызға төмендеген.

Инвестициялық ахуалды жақсарту мәселелері өзекті болып қала береді. Осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын:

1. Стратегияны іске асырудың ағымдағы нәтижесі қандай, 2018-2020 жылдардың қорытындысы бойынша негізгі нысаналы индикаторларға қол жеткізілді ме?

2. Стратегия арқылы жаңа инвестицияларды тартуға тиімді болатын, атап айтқанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, туризм және қаржы сияқты «перспективті салалар» айқындалған. Елде осы салалардағы бәсекелестік

позициялары күшейтілді ме, стратегияны іске асыру жылдарында қандай негізгі инвестициялық жобаларға бастамашылық етілді?

3. Есептік жылдар ішінде елдегі инвесторларды ұстап қалу үшін және қайта инвестициялауды ынталандыру мақсатында қандай нақты шаралар қабылданды?

4. Стратегия тиімді операциялық шараларды жүзеге асыруда және инвестицияларды тартуда жаңа тәсілдерді енгізу қарастырады. Инвестициялық жұмыста қандай жаңа тәсілдер қолданылады, олар іс жүзінде қандай нәтижеге жетті?

5. Стратегияға сәйкес инвесторлардың шағымдары мен мәселелерін сәйкестендіру жүйесін құру көзделді. Бұл жүйе іске қосылды ма? Бұдан басқа, инвестициялық жобалардың мониторингтік жүйесі енгізілді ме, елдегі инвестициялық ахуалдың жай-күйіне жүйелі түрде талдау жүргізіліп жатыр ма?

6. Стратегия шеңберінде оны іске асыру барысын талдауға негізделген «Қазақстанның инвестициялық ахуалының жай-күйі туралы жыл сайынғы баяндаманы» жариялау жоспарланған болатын. Осы баяндама жарияланды ма? Қайдан оқуға болады? 2020 жылы қандай негізгі тұжырымдар жасалды?

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес Сізден депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Депутат

Д. Назарбаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

Оглашен 08 сентября 2021г.

**Премьер-Министру
Республики Казахстан
МАМИНУ А.У.**

Депутатский запрос

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

Обращаюсь к Вам по вопросу реализации инвестиционной политики в Республике Казахстан.

Привлечение инвесторов в ключевые отрасли отечественной экономики являются основой для успешного развития страны. В свете пандемии и вызванной ею глобальной экономической рецессией возрастает конкуренция между государствами за привлечение инвестиций, ключевую роль играет инвестиционный климат страны.

Для улучшения инвестиционного климата в 2017 году была разработана Национальная инвестиционная стратегия на 2018-2022 годы (далее – *Стратегия*). Государством в целом предпринимается ряд комплексных мер по совершенствованию инвестиционного климата. Вместе с тем, согласно информации Министерства иностранных дел Республики Казахстан, в 2020 году поток прямых иностранных инвестиций в экономику нашей страны снизился на 30 процентов.

Вопросы улучшения инвестиционного климата остаются актуальными. В этой связи прошу ответить на следующие вопросы:

1. Каков текущий статус реализации Стратегии, достигнуты ли ключевые целевые индикаторы по результатам 2018-2020 гг.?

2. Стратегией определены «перспективные отрасли», в которые наиболее выгодно привлекать новые инвестиции, а именно, ИКТ, туризм и финансы. Усилены ли конкурентные позиции страны в этих отраслях, какие ключевые инвестиционные проекты были инициированы за годы реализации стратегии?

3. Какие конкретные меры за эти отчетные годы были предприняты с целью удержания действующих инвесторов и стимулирования реинвестиций?

4. Стратегией предусмотрены реализация эффективных операционных мер и внедрение новых подходов привлечения инвестиций. Какие новые подходы применяются в инвестиционной работе, каков результат их внедрения на практике?

5. Стратегией предполагалось создание системы идентификации жалоб и проблем инвесторов. Запущена ли данная система? Кроме того, внедрена ли мониторинговая система инвестиционных проектов, проводится ли регулярный анализ состояния инвестиционного климата в стране?

6. В рамках Стратегии планировалась публикация «Ежегодного доклада о состоянии инвестиционного климата Казахстана», основанного на анализе хода ее реализации. Публикуется ли данный доклад? Где можно прочитать? Какие основные выводы были сделаны в 2020 году?

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» прошу Вас предоставить письменный ответ о рассмотрении депутатского запроса в установленный законом срок.

Депутат

Д. Назарбаева